

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 3 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 ақпанда № 4599 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округі әкімінің 07.09.2020 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 05 қаңтардағы № 11-10/03 ұсынысы негізінде Тайсойған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тайсойған ауылдық округінің "Аяш" шаруа қожалығының аумағына мүйізді ұсақ қара малдары арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Атырау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қызылқоға аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Тайсойған ауылдық округі әкімінің  
уақытша міндетін атқарушы*

*У. Нухесова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК